

«АлтынLand» ЖШС “АлтынLand” бөбекжайы
менгерушісі А.А.Мусаева

Орал қ,2026ж

2025–2026 оқу жылындағы жазғы сауықтыру шараларының жоспары

Мақсаты:

Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысының негізгі мақсаты – сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, балалардың қауіпсіз жағдайда болуын қамтамасыз ету және тәрбиеленушілердің танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және денсаулығын нығайтуға ең тиімді жағдай жасау болып табылады.

Міндеттері:

1. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
2. Балалардың денсаулығын нығайту және шынықтыру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру.
3. Қимыл-қозғалыс белсенділігін, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.
4. Қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.
5. Жазғы кезеңде балалар жарақатының алдын алу.
6. Балалардың эмоционалдық жайлылығын қамтамасыз ету.
7. Ата-аналарға балаларды сауықтыру, шынықтыру және қауіпсіздік мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсету.

ЖАЗҒЫ КЕЗЕҢДЕГІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстар келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде ұйымдастырылады:

Жазғы сауықтыру кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдардың қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін регламенттейтін мынадай нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_
4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306_
5. Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P12000003205>
6. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>
7. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>
8. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>
9. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>
10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>
11. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>
12. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһаздармен жарақтандыру нормалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>
13. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166>
14. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750_
15. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім

балалар мен ата- анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017948>

16. Өрт қауіпсіздігі қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026867>

17. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414>

18. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық- педагогикалық қолдап отыру қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513>

19. Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020449>

20. Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V20000206196>

ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНДЕ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес (*ҚР ОАМ 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы*) мектепке дейінгі ұйымдарда 1

маусым мен 31 тамыз аралығы жазғы сауықтыру кезеңі болып айқындалған. Жазғы сауықтыру кезеңінде ұйымдастырылатын тәрбиелеу-білім беру процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес оқу жылы ішінде алған білім, біліктері мен дағдыларын бекітуді көздейді.

Осыған байланысты тәрбиеленушілердің құзыретіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту мынадай біліктер мен дағдыларды бекіту арқылы жүзеге асырылады.

Физикалық:

- өз денсаулығына және қауіпсіз өмір сүру әрекетіне саналы көзқарас қалыптастыру;
- мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту;
- қимыл-қозғалыс тәжірибесін және қимыл белсенділігіне қажеттілікті қалыптастыру;
- түрлі ойындарға, соның ішінде ұлттық, қимылды, спорттық және жарыстық ойындарға қатысу;
- қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып спорттық жаттығуларды орындау;
- спорт алаңында, ойын және серуен кезінде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;
- ыстық ауа райында және күн астында болған кезде жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Коммуникативтік:

- әртүрлі іс-әрекет түрлерінде белсенді және пассивті сөздік қорды пайдалану;
- өмірлік әртүрлі жағдайларда қарым-қатынас дағдыларын дамыту;
- командада жұмыс істеу білігін қалыптастыру;
- балалар көркем әдебиетіне қызығушылықты, шығармаларды қайта әңгімелеу дағдыларын дамыту;
- дұрыс артикуляция мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;
- қауіпті және стандартты емес жағдайларда көмек сұрау дағдыларын дамыту;
- ересектермен және құрдастармен қауіпсіз қарым-қатынас ережелерін меңгеру.

Танымдық және зияткерлік:

- конструктивтік іс-әрекетті дамыту;

- шығармашылық және сыни ойлауды дамыту;
- үйде, көшеде және табиғатта қауіпсіздік ережелері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру;
- қоршаған ортада қауіпсіз мінез-құлық туралы білімді бекіту.⁷

Шығармашылық, зерттеу:

- шығармашылық қиял;
- эмоционалдық-сезімдік сала;
- ойлау;
- көркем-эстетикалық талғам;
- драмалық және театрландырылған ойындар.

Әлеуметтік-эмоционалды:

- қоғамдағы мінез-құлық және қатар өмір сүру;
- дербестікке тәрбиелеу, өмірлік жағдайларды шешу;
- айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектік пен жанашырлықты қалыптастыру;
- тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге, моральдық нормалардың талаптарына сай іс-әрекеттерге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту;
- Отанның тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарауды қалыптастыру;
- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарау;
- заттар, тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту;
- еркін ойын кезінде балаларға өз пікірлерін айтуға мүмкіндік беру.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылар: тәрбиеленушілер, тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдері), педагогтер. Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық мектепке дейінгі ұйымның ұжымымен талқыланады.

Педагогтер:

- тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықтан өтеді;
- балалардың өмірі мен денсаулығына жауапты болады;
- жас тобына сәйкес жазғы кезеңге балалардың қимыл белсенділігін жоспарлайды;
- ата-аналарға (заңды өкілдерге) кеңестер мен ұсынымдар әзірлейді;
- тәрбиеленушілермен бірге серуенге алып шығатын материалдарды тандайды;
- күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге ықпал ететін тиімді әдістер мен технологияларды қолданады;
- білім беру міндеттеріне сәйкес дамушы ортаны жаңартады.

Ата-аналар (заңды өкілдер):

- жазғы кезеңде балаларды сауықтыру бойынша бірлескен іс-шараларға қатысады;
- балаларды шынықтыру, басқа да профилактикалық шаралардың үздіксіздігін қамтамасыз етеді;8
- баланы тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогтермен әріптестік қарым-қатынас орнатуға күш салады.

Балалар:

- педагогтің басшылығымен шынықтыру шараларын өз бетінше орындайды, салауатты өмір салтына шынықтыру шараларының әсерін сезінеді;
- физикалық, коммуникативтік, зияткерлік, танымдық, шығармашылық, тәжірибелік-эксперименттік әрекетке қатысады;
- құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынаста сенімділік, бастамашылдық танытады;
- табиғатта экологиялық мәдениеттің дағдыларын қолданады;
- бейнелеу, музыка әрекетінде, драмалық ойындарда шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.

ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ

Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
I кезең: Ұйымдастырушылық - ақпараттық		
<i>Жазғы сауықтыру кезеңіне жағдай жасау</i>		
Педагогикалық кеңесте жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының жобасын қарау және бекітуге ұсыну.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер
Басшылыққа алынатын негізгі нормативтік құжаттардың негізінде жазғы сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін реттейтін локальді актілерді шығару (МДҰ бұйрығы): - жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту; - жазғы кезеңге күн тәртібін енгізу туралы; - жазғы жұмыс жоспары бойынша жұмыс тобын ұйымдастыру туралы; - жазғы мәзір бойынша балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер
Қызметкерлерге нұсқау өткізу: - балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды ұйымдастыру; - балалар жарақатының алдын алу; - улы саңырауқұлақтар мен өсімдіктерден уланудың алдын алу; - жұмыс орнында еңбек және техника қауіпсіздігі талаптарын орындау; - күн тию және ыстық өту кезінде алғашқы көмек көрсету; - ішек инфекциясы мен тамақтан уланудың алдын-алу; - МДҰ ауласында, гүлзарларда, бау-бақшада балаларды еңбекке баулу кезіндегі қауіпсіздік ережелері; - бұқаралық шараларды өткізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері және шектеулерді сақтау туралы; - спорттық жаттығулар, ойындар мен жарыстарды өткізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары; - алғашқы жедел көмек көрсету.	Мамыр Маусым	Меңгеруші, әдіскер Медицина қызметкері (Келісімдері бойынша жергілікті санитариялық және төтенше жағдайларға қарсы қызмет бөлімдерінің мамандары шақырылады)
Балаларға нұсқау өткізу: - жарақаттанудың алдын алу үшін қозғалыс қауіпсіздігін сақтау туралы түсіндіру; - табиғатта серуендеу тәртібі туралы;	Мамыр Маусым	әдіскер, тәрбиешілер

- балабақша аумағында, аулада жүру ережесі		
Балалармен жазғы кезеңдегі сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға қажетті әдістемелік, дидактикалық, әдеби, публистикалық ресурстар базасын жасау және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету, таныстыру мақсатында көрме ұйымдастыру.	Мамыр	әдіскер
Веранданың, учаскенің, аллеяның, құмсалғыш жарамдылығын және тиісті санитарлық жай-күйін қамтамасыз ету	Мамыр	Меңгеруші
Ғимаратқа ағымдағы жөндеу жүргізу	Маусым	Меңгеруші
II кезең. Әкімшілік –басқару бақылау		
Әкімшілік – шаруашылық жұмыстары 1) ауланы дайындау: - - құм әкелу; - жолда жүру ережесі бойынша қалашық, жүгіру жолдары, қимыл-қозғалыс және спорт ойындарына арналған белгілер салу; - ойын алаңдарын дайындау; - жаздық шатырларды тазалау, әрлеу. 2) спорт алаңдарын дайындау: - құрал-жабдықтарды жаңарту, толықтыру (эксперименттік, танымдық, дене шынықтыру және т.б.); 3) бассейнді дайында (бар болған жағдайда) - қауіпсіздікті тексеру.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер
Сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін бақылау, мерекелік және көпшілік іс-шараларының ұйымдастырылуын қадағалау	Жаз бойы	Әдіскер
Күн тәртібінің, тамақтанудың орындалуын бақылау	Жаз бойы	Әдіскер
Назарға алынған бақылау: - перспективалық жоспардың орындалуы (қажеттілік туындаған жағдайда жетілдіру немесе толықтыру үшін талдау және енгізілген ұсыныстармен бекіту); - күн тәртібін сақтау; - жазғы сауықтыру жұмыстарына ата-аналарды тарту; - жаңа оқу жылына дайындық.	Маусым-Тамыз	Меңгеруші, әдіскер, медицина қызметкері
Жедел бақылау: - балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықты орындау;	Маусым-Тамыз	Меңгеруші, әдіскер, медицина қызметкері

- тамақтануды ұйымдастыру, дәрумендер, азықтың құнарлылығы; - күн режимі; - белгіленген іс-шаралардың өткізілуі; - құжаттарды жүргізу; - алдын алу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптардың орындалуы; - қауіпсіздік ережелерінің сақталуы.		
Балалар киімінің ауа райы жағдайларына сәйкестігін бақылауды қамтамасыз ету	Тұрақты	Медбике
Жазғы уақытта балалардың тиісті гигиеналық күтімін қамтамасыз ету	Тұрақты	Әдіскер, Топ тәрбиешілер
Токсикоинфекцияның алдын алу: ас блогының жұмысын бақылау; қызметкерлермен және ата-аналармен санитариялық-ағарту жұмысы	Тұрақты	Медбике
Жарақаттанудың алдын алу: учаскелердің серуендеуге жарамдылығын бақылау; ойын материалын пайдалануды және жай-күйін бақылау	Тұрақты	Меңгеруші Медбике
Ішек инфекцияларының алдын алу: жеке гигиенаны сақтау; қайнаған суды пайдалану; ас блогының жұмысын бақылау	Тұрақты	медицина қызметкері
Шынықтыру шаралары: учаскеде балаларды қабылдау; учаскеде таңертеңгі гимнастика; таза ауада дене шынықтыру іс-әрекеттері спорттық ойын-сауық және мерекелер; ауа ваннасы; құм бетінде жалаң аяқ жүру; терезені ашып ұйықтау; су процедуралары	Жоспар бойынша	Әдіскер, Топ тәрбиешілері
Жазғы сауықтыру кезеңіндегі тамақтануды талдау	Айына бір рет	Меңгеруші, медбике, әдіскер
Жазғы сауықтыру кезеңіндегі дене салмағының артуын талдау	Тамыз	медицина қызметкері
Жазғы сауықтыру кезеңінде сырқаттанушылықты талдау	Тамыз	медицина қызметкері
III кезең. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру		

- жазғы сауықтыру іс-шараларына қатысу арқылы педагогикалық процесті бақылау және қажеттілігіне қарай әдістемелік көмек көрсету; - «шынықтыру шараларының дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау, қажеттілігіне қарай нұсқау беру немесе түсіндіру жұмыстарын өткізу; - педагогтерді алғашқы көмек көрсетуге дайындау; - серуенде спорттық ойындарды жоспарлау мен ұйымдастыру әдістерін көрсету; - балалар шығармашылығын ұйымдастыру бойынша педагогтердің практикасындағы қиындықтарды анықтау және шешу (әдістемелік көмек, кеңес беру, тренинг, семинар және т.б); - топтардағы заттық-кеңістіктік ортаның қолжетімділігі мен балаларды дамыту талаптарына сәйкестігін бақылап, жетілдіріп отыру.	Маусым-Шілде	Әдіскер, медицина қызметкері
Семинар: 1. «Жаздағы шынықтыру жүйесі». Семинар – практикум: 1. «Мектеп жасындағы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес спорттық ойын түрлері және оларды ұйымдастыру талаптары, ерекшеліктері». 2. «Бейімделу кезеңін ұйымдастырудың әдістері мен нысандары».	Жазғы сауықтыру кезеңі бойы	Әдіскер
Қауіпсіздік шараларына байланысты ақпараттандыру жұмыстары, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның сайтында «Ата –аналарға арналған консультациялық пункт » бөлімінде 1. Ата-анарға арналған ақпараттық бұрыш ұйымдастыру - буклеттер; - жаднамалар; - нұсқаулықтар; - инфографикалық ақпараттық парақшалар; кітапшалар; - электрондық ақпарат көздеріне сілтеме. 2. Санитарлық бюллетендер шығару: - «Ішек жұқпасы»; - «Кене энцефалиті»; - «Ойын алаңдарында қауіпсіздік ережелерін сақтау»; - «Көкөністер, жемістер. Дәрумендер».	Жаз бойы	Әдіскер, медицина қызметкері

Педагогтердің сұранысы бойынша әдістемелік көмек көрсету, кеңес беру	Жаз бойы	Әдіскер
IV. Балалармен жұмыс		
«Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру жұмыс жоспарының шеңберінде: - психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру; - өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту; - денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру; - бала тәрбиесіндегі халық ауыз әдебиетінің маңызын ескере отырып, баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау (модель 34 т.); - балалардың пікірін, идеяларын ескеру (модель 36 т.); - бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгертуді ойын нысанында іске асу (модель 26 т.); - педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына кәңіл бөліп, күнді өзі таңдаған белсенділік түріне қарай құру (модель 24 т.); - әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамыту (модель 27 т.).	Жаз бойы	Әдіскер, тәрбиешілер
V. Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары		
Дағдыларды кіріктіру арқылы балалардың белсенді қозғалысын ұйымдастыру	Жаз бойы	Тәрбиешілер
- таза ауадағы дене шынықтыру; - таңертеңгі жаттығу; - ұйқыдан ояту жаттығулары; - сергіту сәттері.	Жаз бойы	Тәрбиешілер
Антропометрикалық өлшемдерді жүргізу	Мамыр айының соңында	Медициналық қызметкер
- Спорттық ойындар, жарыс сипатындағы ойындар;: - Қимыл белсенділігін арттыруға арналған ситуациялық ойындар. - спорттық мерекелер мен ойын-сауықтар; - Мерекелер мен ойын-сауықтарды өткізу.	Жоспар бойынша	МДҰ меңгерушісі, тәрбиешілер
Шынықтыру жүйесіне сәйкес әзірленген күні бойы шынығу:	Күн сайын	тәрбиешілер
- дозаланған күн ванналары;		

- суға шомылу, сумен шайыну, аяқты шаю; - массаж жолдарымен жаяу жүру, өзінемассаж жасау; - ауа ванналары; - терезені ашып қойып ұйықтау; -ауызды және тамақты шаю; - ауыз-су ішу режимі; - тыныс алу жаттығулары.		
Арнайы жаттығулар: - түзету жаттығулары; - майтабандылықтың алдын алу; - дене сымбатының бұзылуының алдын алу; - артикуляциялық жаттығулар; - тыныс алу жаттығулары; - ұсақ моториканы дамыту жаттығулары.	Күн сайын	тәрбиешілер
Балалармен әңгімелесу: - «Денсаулық сағаты».	Күн сайын	Медицина қызметкері
Серуенде балалардың физикалық денсаулығын нығайту үшін жеке және шағын топтарда ірі моториканы дамытуға арналған жаттығулар жасау	Күн сайын	тәрбиешілер
Күнделікті тағамдарды дәрумендендіру	Күн сайын	Медицина қызметкері, аспаз
Ата-аналармен жұмыс		
- ата-аналармен өзара ынтымақтастық орнату мақсатында «жаз мезгіліндегі балаларды сауықтыру» тақырыбында сауалнама жүргізу; - ата-аналармен күнделікті пікірлесіп, ақпарат алмасу; - жазғы кезеңде бала ағзасын сауықтыру туралы ақпаратқа ата-ананың қолжетімділігін қамтамасыз ету (ауызша, сілтеме арқылы электронды нұсқада, ата-аналарға арналған ақпараттық бұрышта); - іс-шараларды өткізуге ата-аналарды тарту (модель 48-51 т.).	Мамыр, маусым, шілде	Әдіскер, тәрбиешілер
Жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау		
Жазғы сауықтыру шараларының аяғында балалармен кері байланыс өткізу	Тамыз	Тәрбиешілер
Жазғы сауықтыру шараларының соңында ата-аналармен кері байланыс өткізу	Тамыз	Тәрбиешілер
Балалардың денсаулығына мониторинг жүргізу	Тамыз	Тәрбиешілер, медицина қызметкері

Жазғы сауықтыру кезеңін педагогикалық кеңесте қорытындылау	Тамыз	Меңгеруші, әдіскер
--	-------	-----------------------

АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Жазғы сауықтыру кезеңіндегі бала қауіпсіздігі» тақырыбында ата-аналарға кеңес беру	Маусым	Тәрбиешілер
2	«Күннен қорғану және су ішу тәртібі» туралы ақпараттық бұрыш ұйымдастыру	Маусым	Медбике
3	Табиғат аясындағы серуендердің маңызы туралы ата-аналармен әңгіме жүргізу	Шілде	Тәрбиешілер
4	«Жазғы ойындарды үйде ұйымдастыру» бойынша ұсыныстар тарату	Шілде	Әдіскер
5	Дұрыс тамақтану және жаз мезгіліндегі дәрумендердің пайдасы туралы кеңес	Шілде	Медбике
6	«Отбасылық демалыс – бала дамуының кепілі» тақырыбында пікір алмасу	Тамыз	Тәрбиешілер
7	Жазғы шығармашылық көрме ұйымдастыру («Менің көңілді жазым»)	Тамыз	Тәрбиешілер, ата-аналар
8	Ата-аналардың қатысуымен аула көгалдандыру акциясын өткізу	Маусым	Әдіскер, ата-аналар
9	«Жазғы шынықтырудың пайдасы» тақырыбында жадынамалар тарату	Маусым–шілде	Медбике
10	Жаз мезгіліндегі жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары	Жаз бойы	Медбике
11	Спорттық ойын-сауық шараларына ата-аналарды қатыстыру	Маусым–тамыз	Тәрбиешілер
12	Топтарды жаңа оқу жылына дайындау. Жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындысы бойынша ата-аналармен кері байланыс жүргізу, бірлескен акция өткізу.	Тамыз	Әдіскер, тәрбиешілер

Әкімшілік-шаруашылық жұмысы

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі
1	Жаз мезгілінде топтарды біріктіру және балалар санын нақтылау	Маусым
2	Жазғы серуен алаңдарын тексеру және қауіпсіздік талаптарына сәйкестендіру	Маусым
3	Қимылды және спорттық ойындарға арналған құрал-жабдықтарды дайындау	Маусым
4	Су ойындары мен шынықтыру шараларына қажетті жабдықтарды әзірлеу	Маусым–шілде
5	Көгалдандыру және гүлзарларды күтіп-баптау жұмыстарын ұйымдастыру	Маусым–тамыз
6	Көлеңкелі шатырлар мен демалыс орындарының жағдайын тексеру	Шілде
7	Жазғы мерекелік іс-шараларға арналған безендіру жұмыстарын жүргізу	Жаз бойы
8	Құм алаңдары мен ойын алаңдарының санитарлық жағдайын бақылау	Апта сайын
9	Табиғат аясындағы танымдық іс-шараларға қажетті материалдарды әзірлеу	Шілде
10	Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған көрнекілік және дидактикалық материалдарды толықтыру	Маусым
11	Ауыз су режимін және балалардың тамақтануын бақылау	Жаз бойы
12	Жазғы кезең қорытындысы бойынша құрал-жабдықтарды жинақтау және сақтау	Тамыз